

Әл – Фараби бабамызды түркі әлеміне қайтарған біртуар ғалым Әл - Машани



Халқымыздың біртуар перзенті Ақжан Машановтың есімі Әбу Насыр әл-Фараби бабамызбен тығыз байланысты, әл-Фарабидің қыпшақ – қазақ даласындағы байырғы халықтың перзенті екенін, оның дүниеге келіп, өскен ортасы – Сыр бойындағы кейін Фараб деп аталған – Отырар қаласы екендігін дәлелдеп, оның Сирияда жерленген жерін табуы ұлттың рухын көтерген ірі құндылық болды.

– Орта Азияда Фарабитанудың негізін салған Ақжан әл-Машани Жақсыбекұлы – 1906 жылы 2 қарашада Қарқаралы өңірінде «Жамантайдың Қарақуысы» деп аталып кеткен ауылда дүниеге келген.

Ақаң – шығыстың Аристотелі атанған атақты Әбу Насыр әл-Фарабиді зерттеуші қазақтың тұңғыш ғалымы. Ол осы жолда Таяу шығыс елдерінде болып, Мәскеу, Ленинград, Қазан, Уфа, Ташкент қалаларының архивтерінде отырды. Бар арманы бабамыздың жатқан жеріне мініжат ету болыпты.

1968 жылы Шам қаласына туристік топтың жасақталып жатқанын біліп, соған ілінуге жол іздейді. Мәселенің өз пай-

дасына оңай шешілмесін біліп, Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Д.Қонаевтан көмек сұрайды. Д.Қонаевпен таныстық 1942 жылдан басталған екен. Д. Қонаев тиісті орындарға: «Қырқүйекте болатын Араб еліне жасалатын сапардан Ақжан Машанов қалып қоймасын», – деп тапсырма беріпті.

Сирия жерінде ұлы бабаның жұпынылау қабірін суретке түсіріп, ол туралы біраз мәліметтер жинап қайтады. Осыдан соң Ақаң әл-Фараби туралы кітап жазды. Солардың бірі «Әл-Фараби және Абай» деп аталады. 1984 жылы Кувейтте ой еңбегі жарияланған соң, ол бүкіл араб әлеміне танымал болды.

Қазір айтуға оңай, бірақ әл-Машани заманында әл-Фарабиді өзіміздің қазақ елінің тумасы ретінде дәлелдеп мойындату қиын істердің бірі болатын.

Фарабитанудың жолында тұрған Қаныш Сәтбаевтың өмірден өтуі Ақаңды бұл жолда жалғыз қалдырды. Өзіне жана-шыр болар қазақ ғалымдары әлі ұйқысынан оянбаған түс еді. Оған кезінде ғалымдар, философтар да қолдау көрсете қоймады, бәрі дінсіз қоғамның ықпалы болатын.

Өзбек ғалымдары әл-Фарабиді «ортақ» баба ету пиғылынан сол 1970 жылдардың басына дейін арылмаған, яғни ұлы бабамыздың 1100 жылдық мерейтойын ЮНЕСКО шеңберінде Қазақстанда атап өту туралы шешім қабылдағанша

осы көзқараста табандап тұрып алыпты. Дегенмен, әл-Фараби баба рухы қолдады ма, тағдырдың жазғаны ма, әйтеуір әл-Машани атамыз дегенінен қайтпай, ұлы бабамызды қорғап қалады.

Ақаң көзі тірісінде Халифа Алтаймен жақсы араласты. Өзі Құранға ғылыми тұрғыда тәпсір жазса, Халифа хазірет діни саласында тәпсір жазды. Ғылым мен дінді қатар қойып зерттеді. «Адамдар Құдайдан және жұмыстан тұрады», – депті ақын Борис Пастернак. Сол айтпақшы, әлемдік әдебиет тарихында ұлы жазушылар Толстой, Достоевский, Гете өздерінің шығармашылық шыңына жеткенде дінге, «Құдайды іздеуге» бет бұрыпты. – «Құдайдың өзі де рас, сөзі де рас» деп келетін дана Абай өлеңдерін жаттап өскен Ақаңның баба ғылымының діни негізін игерудегі оңдандық өзегін аңғару қиын емес. Алайда, сол діннен күш-қуат алып, іргелі істерін халық үшін жасап жүрген әл-Машани атамыз тұрмыста тым қарапайым, мінезі жайлы, жанындағыларды үнемі ақылға, сабырға шақырып отыратын. Оның Алла үйіне баруы үлкен дау тудырып, партия ұйымының сынына қалып отырған. Осы тұста ОК хатшысы Д.Қонаев әл-Машаниды орынсыз сұрақтардан қорғап отырды.

Әл-Машани атамыз туралы мына шындықты айтпай кетуге болмас. Ол барлық іс-сапарларға, конференцияларға, әл-Фарабиді зерттеу істеріне мемлекеттен қаржы дәмеппей, өз қаржысын жұмсады. Жасаған еңбегінде шек жоқ. Солардың негізгісі мыналар:

– Ол XX ғасырдың ортасында Әбу Насыр Мұхаммед әл-Фарабидің Отырарда туған Қыпшақ перзенті екенін алғаш дәлелдеп, ұлы бабасын ұрпағымен қауыштырып, мұрасын зерттеуші;

– Ол – Дамаскидегі Баб ас-Сағир зиратынан әл-Фараби қабірін тауып, құлпытас орнатуға мұрындық болған азамат;

– Ол – ҚР ҰҒА-ның құрылтайшысының бірі;

– Ол – Жер ғылымының жаңа саласы – геомеханиканың негізін салушы және Қазақстанда оның мектебін құрушы;

– Ол – Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ-дың тұңғыш түлегі, алғашқы аспиранты және 50 жылдай үзіліссіз мыңдаған инженер тәрбиелеген ұстаз;

– Ол – Жаңа кен орындарын ашушы инженер-геолог (Ақбастау, Құсмұрын, тағы да басқа кен орындарын ашқан);

– Ол – қазақ әдебиетінде ғылыми-көпшілік және фантастика жанры негізінде алғаш көркем шығарма жазушы;

– Ол – «әл-Фараби» (1970) тарихи деректі романында ұлы бабаның көркем бейнесін тұңғыш сомдаған қаламгер;

– Ол – Қазақтың екі ұлы данасы арасындағы рухани байланысын алғаш зерттеп, халқымыздың 1000 жылдық мәдени тарихын көрсетуде ренессанстық «әл-Фараби және Абай»

(1994) монографиясын жазған абайтанушы;

– Ол – әл-Фараби мұрасын ғылыми-ислами және бүгінгі ғылым жетістіктері негізінде қазақтың ұлттық дүниетанымымен сабақтастыру нәтижесінде фарабитанудың жаңа бағытын ашқан теолог-зерттеуші;

– Ол XX ғасырдың 40-шы жылдарында-ақ техникалық сөздік түзіп, оқулықтар жазу арқылы техникалық әдебиетте қазақ тілінің зор мүмкіндігін алғаш дәлелдеуші;

– Ол – жаратылыстану ғылымдарын гуманитарлық мазмұн-сипатында ұлттық құндылықтармен сабақтастыра дамытудағы бірегей тұлға.

Иә, бүкіл ғұмырын әл-Фараби бабамызға арнаған атамыздың жасаған істеріне қарап отырып, тамсанасың, танданасың, мақтанасың. Барды тану, оны ұлықтау ол халық таныған, әлем мойындаған бабамызды тірілту, туған топырағына қайтару екінің біріне бұйырмаған парыз. Осы жолда өз міндетін еш риясыз атқара білген әл-Машани де ұлылар қатарында деуге болады. Мұндайда «ұлыны» «ұлы» таныды деген сөздің мәнісін ұғасың.

**Баубек ЕЛЕУСОВ,
Ы.І.Алтынсарин
атындағы АрқМПИ,
«Қазақстан тарихы және
құқық»,
экономика негіздері»
кафедрасының аға
оқытушысы.**